


Бекітемін. 
Мектеп директорының у.м.а:
І. Жунисова
«01» 09 2025 ж



**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің
« Қ.Жарылғасынов атындағы Жаңалық орта мектебі» КММ
2025 - 2026 оқу жылына арналған психологиялық қызмет көрсету жұмыс жоспары**

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы).

Білім алушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдармен (балалармен) психологиялық диагностика, консультация және тренингтер (топтық, жеке) "Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) сәйкес ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің жазбаша келісімімен өткізіледі.

Мақсаты: балалардың оқудағы, дамудағы, мінез-құлықтағы қиындықтарын уақытында анықтап, оларға психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық көмек көрсетуді көздейді.

1. Негізгі мазмұны:

ППҚҚ – білім алушылардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқуы мен дамуына жағдай жасайтын жүйелі қолдау қызметі.

ППҚҚ құрамына: директордың орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер, кәсіби бағдар берушілер кіреді.

2. Негізгі қағидалары

- кәсіби әдепті сақтау;
- білім алушылардың жеке басына эмпатия және құрмет көрсету;
- білім алушының жеке, жас ерекшеліктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері;
- білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, ақпараттың құпиялылығы;
- білім алушыларды білім беру процесінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың ғылымилығы, кешенділігі, бірізділігі, кезеңділігі және үздіксіздігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Негізгі бағыттары мен мазмұны

1. Диагностикалық жұмыс

- 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау.
- 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін зерттеу.
- 9, 11-сынып оқушыларына кәсіби бағдар диагностикасы.
- Қиындықтары бар оқушыларды (мінез-құлық, эмоциялық, үлгерім) анықтау.
- Сынып ұжымдарының әлеуметтік-психологиялық климатына зерттеу жүргізу.

2. Консультативтік жұмыс

- Оқушыларға жеке және топтық консультациялар.
- Ата-аналарға баланың даму ерекшеліктері туралы кеңес.
- Мұғалімдерге оқушылармен жұмыс істеу стратегиясы бойынша кеңес.

3. Дамыту (түзету) жұмысы

- Эмоциялық тұрақтылықты дамытуға арналған тренингтер.
- Қарым-қатынас мәдениетін дамытуға арналған жаттығулар.
- Өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға арналған сабақтар.
- Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жеке түзету сабақтары.

4. Психологиялық-педагогикалық ағарту жұмысы

- Ата-аналар жиналыстарында баяндама, тренинг өткізу.
- Педагогикалық кеңестерде психологиялық-педагогикалық қолдау тақырыптары бойынша сөз сөйлеу.
- Психологиялық мәдениетті арттыруға арналған сынып сағаттары.
- Суицидтің алдын алу шаралары.
- Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу.
- Зорлық-зомбылық пен жыныстық тиіспеушілік, жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығы бойынша әңгімелер.

5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

- Психолог кабинетін оқу-әдістемелік құралдармен толықтыру.
- Мониторинг жүргізу (оқушылардың даму динамикасы).
- ПМПК, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілермен бірлескен жоспарлы жұмыс.

4. Қолдау кімдерге көрсетіледі?

Мінез-құлық, эмоциялық қиындықтары бар (суицидке бейім) балаларға,
Әлеуметтік-психологиялық, мәдени кедергілері бар (бейімдеуі қиын) балаларға,
ЕББҚ бар балаларға.

Психологиялық қызметтің мақсаты - білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
- 7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Жеке оқу жоспарлары мен бағдарламалары.

Бағалау тәсілдерін бейімдеу.

Арнайы оқулықтар, оқу материалдары, бейімделген орта (пандус, тактильді жолдар, дыбыс күшейткіш құралдар, т.б.). Білім алушыларға, оның ішінде осы Қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) арналған жеке, кіші топтық және топтық сабақтар ППҚҚ мамандары әзірлеген жеке-дамыту бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

6. Екі кезеңдік жұмыс

1. Қызметті ұйымдастыру - мектеп директоры бұйрық шығарып, құрамды бекітеді, мұғалімдер мен ата-аналардың өзара іс-әрекеті жолға қойылады.

2. Қолдау процесі - жеке жоспарлар мен бағдарламалар әзірленіп, іске асырылады; педагогтер мен мамандар жүйелі түрде жұмыс істейді.

7. Жүктемелер

Кіші топтық (2-4 бала), топтық (6-8 бала). Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін аптадағы жеке, кіші топтық, топтық сабақтардың саны олардың жеке білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып белгіленеді. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған жеке, кіші топтық және топтық сабақтар "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес түзету компоненті шеңберінде арнайы педагогтер әзірлеген түзету-дамыту бағдарламалары негізінде жүргізіледі.

8. Қолдау формалары

Қосымша сабақтар, факультативтер, үйірмелер.

Әлеуметтік көмек және кәсіби бағдар беру.

Ата-аналармен жүйелі жұмыс.

Арнайы жабдықталған кабинеттерде жеке және топтық сабақтар.

№ р/ с	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысананалы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Мектеп алды даярлық сынып оқушыларының сабақтарына қатысу, мектепке дайындық деңгейін анықтау	Әдістеме Тренингтер	0 сынып	03.09 09.10	Хаттама Анықтама	Педагог – психолог	
2	1 сынып оқушыларының сабақтарына қатысу, оқушылардың мектепке бейімделу кезеңін бақылау, диагностикалық жұмыстар	Әдістеме Тренингтер	1 сынып	04.09 11.10	Анықтама Хаттама	Педагог – психолог	
3	5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін кезеңін бақылау, диагностикалық жұмыстар «Бейімделу кезіндегі бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау»экспресс әдістемесі О.Н.Хмельницкая	Әдістеме Тренингтер экспресс әдістемесі	5 сынып	09.09 14.10	Анықтама Хаттама	Педагог – психолог	
4	Балалар мен жасөспірімдердің интернетке тәуелділігін анықтау диагностикасы	Интернетке тәуелділік сауалнамасы К.Янг	5-11 сынып	16.10-23.10.25	Хаттама	Педагог – психолог	

5	10-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу	Диагностика, бейімделу	10-сынып	23.09	Д.Ж. Голланд әдістемесі «Тұлғаның типін анықтау»	Педагог – психолог	
6	Дарынды, үлгерімі төмен балаларды анықтау жұмысы	Әдістеме Тест	5-11 сыныптар	11.09 16.10	Хаттама	Педагог – психолог Дарын Жетекшісі Сынып жетекшілер	
7	Діни экстримизмнің алдын алу бойынша	Сауалнама	9-11 сынып	04-08.11	Хаттама	Педагог психолог	
8	Білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін диагностикалау	Тест	6 сынып	13-15.11	Хаттама	Педагог – психолог	
9	Бастауыш сынып оқушыларының зейінін, ес процесін зерттеу, дамыту және түзету «Сөздер жұбы» Ойлау процесін дамыту және түзету «Не артық»	Әдістеме	2-4 сынып	18-20.11	Хаттама Анықтама	Педагог психолог	
10	Жасөспірімдердің эмоционалдық – еріктік аймағын диагностикалау	Тест	8-10 сынып	02-06.12	Хаттама	Педагог психолог	
11	Мектепалды даярлық сыныптарын диагностикалау	Әдістеме	0 сынып	13-16.05	Хаттама	Педагог – психолог	
12	Оқушылардың кәсіби бағдарын зерттеу және қолдау	Кәсіптік бағдар	10–11 сынып	Жыл бойы	«Табандылықты зерттеу» тест «Мен кімін? Өз қызығушылығымды зерттеймін»	Педагог – Психолог	

					«Мамандық әлеміне саяхат» «Менің кәсіби жолым: мақсат және жоспар» «Менің болашағым: таңдау жасау және өзімді»		
13	Мектепке алғаш келген балаларды (инклюзив) зерттеу	Инклюзия, диагностика	ЕББҚ бар балалар	Жыл бойы	Танымдық ерекшеліктерін зерттеу әдістемелері: «Не артық, Лабиринт, Шатасқан сызықтар, Айырмашылықты тап, Нүктеден нүктеге»	Педагог – Психолог	
14	Оқушылардың психоэмоциялық күйін анықтау	Диагностика	2–11 сынып	Жыл бойы	«Үй-Ағаш-Адам» әдістемесі (Джон Бук) (1-4-сынып) Г.Ш.Габдрееваның эмоционалдық қысымды зерттеу әдістемесі (5-8-сынып) Д. Рассел мен М.Фергюсонның субъективті жалғыздық сезімін диагностикалау әдістемесі (9-11-	Педагог –психолог	

					сынып)		
15	ҰБТ-ға дайындық кезінде 11-сынып оқушыларына психологиялық қолдау	Диагностика	11-сынып	Жыл бойы	«Ойлау типін анықтау» әдістемесі Г.В. резапкина модификациясы	Педагог- психолог	
16	Оқушылардың сыныпшілік қарым-қатынастарын зерттеу	Әлеуметтік-психологиялық диагностика	6–7-сынып	Жылына 2 рет	Социометрия әдісі	Психолог- психолог	
17	«Тәуекел»тобына жататын оқушыларды анықтау.	Диагностика	5-11	Қыркүйек Сәуір	Рассел Д,Миарс әдістемесі Аутодеструктивті, девиантты мінез- құлық түрлерін анықтау Аяқталмаған сөйлем(Е.Н.Волко ва)	Педагог- психолог	

18	Білім алушылардың агрессивтілік деңгейін, стресске төзімділігін, өзін-өзі бағалау деңгейін, темперамент типін, Мазасыздықты анықтау.	Қыркүйек Қараша	Сауалнама, тест жұмысы Басса Даркий әдістемесі 5-11 сынып Л.П.Понамаренко «Кішкентай адамдар мен ағаш» 2-4 сынып М.Розенберг «Өзін өзі бағалау» сауалнама Мазасыздықты анықтау (О.Н.Хмельницкая) ИСН сауалнамасы	2-11 сынып	Оқушылардың жеке ерекшеліктері, бейімділіктері бейімделулер мен оқудағы кедергілері анықталады.	Педагог-психолог
19	Бала өміріндегі зорлық зомбылықтың салалаларын анықтау	Қазан қараша	«Сізге қалай қарайды?» экспресс сауалнамасы	2-11 сынып	Бала өміріндегі зорлық зомбылықтың қай салалаларында бар екендігі анықталады.	Педагог-психолог

20	«Балалардың мектепке әлеуметтік психологиялық бейімделуіне сараптамалық бағалау схемасы» В.И.Чирков, О.Л.Соколова, О.В.Сорокина	Қараша	«Балалардың мектепке әлеуметтік психологиялық бейімделуіне сараптамалық бағалау схемасы»	Мектепке жанадан келген оқушылардың мұғалімдері мен ата аналары үшін	Мектепке жанадан келген оқушылардың бейімделуі анықталады.	Педагог психолог
21	Мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығының деңгейіне киббербуллинг маркерлерінің әсерін бағалау	Желтоқсан	Әдістемесі Р.Г.Мәдиқызы	5-11 сыныптар	Тәуекел аймағы анықталады.	Педагог психолог
22	Буллинг сауалнамасы	Қыркүйек қараша	Ден Олвейс сауалнамасы	5-11	Білім беру ортасында қорлаудың ерекшелігі анықталады.	Педагог психолог

II. Консультация беру

1	«Ата-ана, сіздің пікіріңіз біз үшін құнды»	Ашық есік күні	Ата –аналар	26.09	Кеңес беру журналына тіркеу	Педагог – психолог
2	Бірінші сынып және мектепалды даярлық тобы оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктері мен психологиялық өзгерістері	Жиналыс	1-сынып ата –аналар	16.09.2025	Кеңес беру журналына тіркеу	Педагог – психолог
3	«Орта буынға келген жаңа адам» 5 сынып оқушыларының ата –	Ақпарттар беру	Ата – аналар	09.10	Кеңес жүргізу журналына	Педагог –

	аналарына психологиялық көмек көрсету				тіркеу\ақпарат	психолог	
4	Зорлық –зомбылық және «Бала құқығы- отбасы құқығы» отбасындағы жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу	Сұхбаттасу	Ата-аналар	15.11	Кеңес жүргізу журналына тіркеу\ақпарат	Педагог – психолог Әлеуметтік педагог	
5	5-сынып оқушыларының ата-аналарына арналған : -«Сіздің балаңыз 5-сынып оқушысы» бесінші сыныптардың кейбір қиындықтары; -оқушының бейімделе алмауының белгілері; -«Ата-аналарға арналған тәрбиенің алтын ережелері»; - Сауалнамалар	Ақпараттар беру Жадынама	Ата –аналар	14.02	Кеңес жүргізу журналына тіркеу\ақпарат	Педагог – психолог	
6	«Аутодиструктивті мінез - құлықтың алдын -алу» тақырыбында ата –аналардың жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі қиындықтардың алдын -алу жұмыстарымен таныстыру	Топпен жұмыс	Ата –аналар	12.03	Кеңес жүргізу журналына тіркеу\ақпарат	Педагог – психолог	
7	Оқушыларға жеке психологиялық кеңес беру	Консультация	1–11 сынып	Жыл бойы	Жеке кеңес(қажетіне қарай)	Психолог	
8	Ата-аналарға психологиялық көмек көрсету	Консультация	Ата-аналар	Жыл бойы	Жеке/топтық кеңес «Бала мектепке бейімделуде: ата-ана қолдауы»	хаттама	Кеңес журналына тіркеу,

				жаднама «Отбасылық қарым-қатынас – бала тәрбиесінің негізі» «Баланы ынталандыру және жауапкершілікке үйрету» «Емтихан алдындағы күйзеліс пен жазғы демалысты ұйымдастыру»		
9	Мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық қолдау	Консультация	Мұғалімдер	Жыл бойы	Әңгімелесу, тренинг «Мұғалімнің кәсіби құлшынысын арттыру және жаңа ортаға бейімделу» «Сыныптағы эмоциялық ахуалды басқару» «Стресті басқару және кәсіби шаршаудың алдын алу» «Рефлексия және шығармашылық демалысқа дайындық»	Психолог Кенес журналына тіркеу

				«Бала мектепке бейімделуде: ата- ана қолдауы»		
10	Туындаған барлық сұрақтар бойынша ата-аналарға, оқушыларға және мұғалімдерге жеке және топтық кеңес беру. /1, 5 сынып оқушыларының бейімделуі, мотивация, өзін-өзі бағалау, құқықбұзшылық, аутодеструктивті іс-әрекет, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллинг, интернетке тәуелділік, емтиханға дайындық, мамандық таңдау және т.б./	Сұхбаттасу, кеңес беру	Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер	27.09 24.01 11.04	Психолог	Кеңес жүргізу журналына тіркеу\ақпарат

III . Түзете-дамыту жұмысы

1	Бесінші сынып оқушыларының орта буынға кіруімен байланысты бейімделу бағдарламасы негізінде атқарылатын жұмыстар	Жаттығулар тренингтер, ойындар	5- сынып	Айына бір рет	Анықтама	Педагог – психолог
2	Тұлғааралық қарым – қатынасты дамытуға арналған ойындар	Ойындар Топпен жұмыс	2- 3 сынып	09.10 11.10	Анықтама	Педагог – психолог
3	Бастауыш сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын диагностикалау және түзету-	Топпен/ жеке жұмыс	4 сынып	16.10 18.10	Анықтама	Педагог – психолог

дамыту жаттығулары

4	Баланың отбасындағы қарым-қатынасы мен эмоционалдық күйін коррекциялау	Әдістеме Жаттығулар	3 сыныптар	21.11	Анықтама	Педагог – психолог
5	Агрессияға қарсы жаттығулар	Топпен жұмыс	5-7 сынып	18-20.12	Анықтама	Педагог – психолог
6	Тренинг «Мен өзімді мақтан етемін» ҰБТ-ге білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау.	Топпен жұмыс	11- сынып	09.04	Анықтама	Педагог – психолог
7	Сынып сағаттарына қатысу (психологиялық тақырыптар)	Алдын -алу	1–11 сынып	Жыл бойы	«Мен мектептемің» (1,5 сынып) «Менің эмоцияларым» (5-7 сыныптар) Достық пен сыйластық» тренинг (3–4 сыныптар). «Менің арманым» мотивациялық тренинг (8–9 сыныптар) «Жан достық» тренингі (5–6 сыныптар). «Мен – ұлттық мәдениеттің мұрагерімін» патриоттық тренинг	Сынып жетекші психолог

					(8-10 сыныптар) «ҰБТ-ға психологиялық дайындық» тренингтері (11 сынып).	
8	Дарынды оқушылармен жұмыс (мотивация, өзін-өзі дамыту)	Қолдау	Дарынды оқушылар	Жыл бойы	Тренинг-жаттығу Менің әлеуетім: өз кабілетімді танымын» «Өзін-өзі дамыту және уақытты басқару». «Өзіңе сен-бәріде мүмкін» әңгімелесу	Психолог
9	Сыныптағы ЕББҚ бар балалармен жеке жұмыс	Қолдау, түзету	ЕББҚ бар балалар	Жыл бойы	Жеке сабақ, аптасына 2 рет (45 минуттан)	Психолог
10	Қиын жағдайға тап болған балалармен жұмыс (қамқорлықтағы, жетім)	Қолдау	Әлеуметтік осал топтар	Жыл бойы	Жеке кеңес, жоспар	Психолог, әлеуметтік педагог
IV. Профилактика- психологиялық ағарту						
1	Үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық- педагогикалық көмек	Тренинг	2-8 сыныптар	Жыл бойы Аптасына бір рет	Анықтама	Педагог – психолог

2	Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар	Топпен жұмыс	Жыл бойы	1-11 сыныптар	Анықтама	Педагог – психолог Мектеп инспекторы	
3	Бесінші сынып оқушыларының орта буынға кіруімен байланысты бейімделу бағдарламасы негізінде атқарылатын жұмыстар 1-дамыту сабағы. «5-сынып дегеніміз не?»; 2-дамыту сабағы. «Өзіңді таны»; 3-дамыту сабағы. «Орта мектептегі жаңа оқушы»; 4-дамыту сабағы. «Біз бір-бірімізді түсінеміз бе?»; 5-дамыту сабағы. «Сезім әлемі»; 6-дамыту сабағы. «Біздің мұғалімдеріміз»;	Топпен жұмыс		Айына бір рет	Анықтама	Педагог – психолог	
4	Музыка терапия /флэш тренинг/		Педагогтар	17.01	Анықтама	Педагог – психолог	
5	Оқушылардың девиантты мінез-құлқының алдын- алу	Алдын- алу	Психологиялық қолдау тобы оқушылары	Жыл бойы	Кеңес, әңгімелесу	Психолог	

6	Суицидтің алдын алу жүйымыстары	Алдын- алу	7–11 сынып	Жыл бойы	Жеке/топтық жұмыс «Мен өмірді сүйемін» эссе «Өмір – ең қымбат құндылық» «Менің эмоцияларым және оларды басқару» «Менің болашағым – менің қолымда» тренинг-жаттығу және т.б	Психолог	
7	Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге бағытталған іс-шаралар	Алдын- алу	1–11 сынып	Жыл бойы	Тренинг, ойын, жадынама	Психолог, сынып жетекші	
8	Адам-өміріндегі әуенді терапия. (адам-өмірінде әуенді терапия туралы ақпарат беру)	Пікірлесу /караоке/	Педагогтар	20.02	Анықтама	Педагог – психолог	
9	Жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдау проблемасы бойынша кеңес беру.	Кеңес беру		18.04	Кеңес беру журналына Тіркеу	Педагог – психолог	
10	«ДосболLike»бағдарламасы аясында білім алушылардың әлеуметтік -эмоционалдық дағдыларын дамыту.	Кеңес беру Психологиялық тренинг	5-11 сыныптар	12.11.2025	Тіркеу журналы	Педагог – психолог Тәлімгер	
11	1.АУТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ: БІЗ ТҮСЕТІН ТҰЗАҚТАР 2. БУЛЛИНГІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША САБАҚ	Психологиялық сабақ	7-11 сыныптар	17.09 24.09	Тіркеу журналы	Педагог – психолог	


12	1.«Виктимді (арандатушы) әрекет»	Психологиялық сабақ	7-11 сыныптар	08.10	Тіркеу журналы	Педагог – психолог
	2.ТӘУЕЛДІЛІК: КІМ КІМДІ БАСҚАРАДЫ?			14.10		
	3.Фокус – өмірде			24.10.25		

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

1	Білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен танысу					Педагог – психолог
2	Алынған тест нәтижелеріне сараптама жасау , сынып жетекшілерге таныстыру	Сараптама қорытынды		Қажетіне қарай		Педагог – психолог
3	Басқа сабақтас –мамандармен, психологтар қауымдастықтарымен және білім бөлімінің әдістемелік кабинеттерімен іс –қимылды жүзеге асыру	Өз білімін жетілдіру		Қажетіне қарай		Педагог – психолог
4	Психологиялық бағыттар бойынша атқарылған жұмыстарға : - Ата –аналармен ; - Білім алушылармен ; - Педагогтармен тоқсандық , жылдық талдау есептер	Талдамалық жұмыстар		Әр тоқсанда оқу жылының аяқталуы	Қорытынды есеп	Педагог – психолог
5	Мектеп оқушыларының психологиялық картотекасын жүргізу	Ұйымдастырушылық бағыт	1–11 сынып	Қыркүйек	Білім алушылар туралы мәлімет жинақтау	Психолог Сынып жетекшілер

ЕСКЕРТУ: Жоспар жыл ішінде өзгеруі мүмкін.

Педагог - психолог:



Нигметова Лаура Бауыржановна